



«Бекітемін»

Орал «Сервис» технологиялық
колледж директоры
А.Б.Искалиева

2020 ж.

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Орал «Сервис» технологиялық колледжі
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына
оқуға қабылдаудың қағидасына**

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу негізінде өзгерістер енгізілсін

1-тарау. Жалпы ережелер

4. Түсу емтихандарын тапсыру нысанын колледж белгілейді.

4-1 -тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Карантин жағдайларында, элеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда түсу емтихандары жүргізілмейді.";

2-тарау. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі

5. Колледжге тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау үшін, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау кезеңінде колледж басшысының бұйрығымен күнтізбелік жылғы 1 маусымнан кешіктірмей қабылдау комиссиясы құрылады, ол тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, жұмыс берушілердің, қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының құрамынан оның мүшелерінің көп дауысымен төраға сайланады.

Қабылдау комиссиясының шешімі егерде отырыста оның құрамының үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Дауыс тең болған жағдайда қабылдау комиссиясының басшысының шешімі негізгі шешім болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

5-1 -тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Карантин жағдайларында, элеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясының жұмысын білім беру ұйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.";

7. Колледжге тұлғаларды білім алуға қабылдау олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

7-1 тармақпен толықтырылсын:

"7- 1. Білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін білім беру ұйымдарына тұлғаларды білім алуға қабылдау олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Тұлғаларды орта буын мамандарын, қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарына білім алушылар құрамына оқуға қабылдау тұлғалардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.";

12. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу үшін түсу емтихандары:

орта буын мамандарын даярлау үшін және:

1) негізгі орта (негізгі жалпы) білімі бар оқуға түсушілер үшін - негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

2) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі;

3) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) бойынша;

4) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар оқуға түсушілер үшін мамандықтың бейінді пәні бойынша өткізіледі.

Конкурс колледж өткізген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар (бағалар) негізінде өткізіледі.

Түсу емтихандары бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. Кестені түсу емтихандарының өтетін күні мен уақытын, орнын көрсете отырып колледж басшысы (3) жұмыс күнінен кешіктірмей емтихан өткізерден алдын бекітеді және оны ақпараттық стендтермен колледждің интернет ресурстарында орналастырады.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған түсу емтихандары әңгімелесу нысанында өткізіледі. Түсу емтихандарын және әңгімелесуді өткізу кезеңінде аудио-бейнежазба жүргізіледі.

Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша жеке әңгімелесуді жүргізеді.

Қабылдау комиссиясы әр оқуға түсушімен әңгімелесуді 20 минуттан артық жүргізбейді.

Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының басшысы бекітеді.

Түсу емтихандарының қорытындылары ақпараттық стендтерде және колледждің интернет-ресурстарында түсу емтихандарын өткізген күні орналастырылады.

12-1-тармақпен толықтырылсын:

12-1-тармақпен толықтырылсын: "Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан бастап білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейіндік пәндер бойынша бағалардың нәтижелері бойынша бағалардың жиынтық балын көрсете отырып, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының сәйкес қабылдау квотасы көзделген 8-тармағына талапкерлер мен тұлғалардың тізімдік құрамын білім беру ұйымының сайтында қалыптастырады және оның күн сайын жанартылуын қамтамасыз етеді. Орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін білім алушылар құрамына қабылдауға арналған конкурс білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің жиынтық балының нәтижелері бойынша өткізіледі. Бағалардың жиынтық балы:

негізгі орта білімі бар (9-сынып) оқуға түсушілер үшін – үш пән бойынша бағалар: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі) және мамандық бейіні бойынша екі пән бойынша;

жалпы орта білімі бар (11-сынып) түсушілер үшін – төрт пәннің бағасы: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән бойынша қалыптасады. Мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін – білім туралы құжаттың (диплом) орташа балы. Басқа елдің білім туралы құжаты бар тұлғалар үшін білім туралы құжатта осы Қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген міндетті және бейінді пәндер болмаған жағдайда міндетті және бейінді пәндер тізбесін білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары белгілейді.

Әссе жазуға және бағалау өлшемшарттарына қойылатын талаптарды білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары айқындайды. Оқуға түсушілердің жиынтық балы тең болған жағдайда бірінші кезекте білім туралы құжаттың орташа балы және (немесе) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының сәйкес қабылдау квотасы көзделген тұлғалардың 8-тармағына санаты ескеріледі, сондай-ақ шығармашылық және арнайы конкурстардың нәтижелері ескеріледі. Оқуға түсушілердің саны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға бөлінген орындардан асып кеткен жағдайда білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндер бойынша бағалардың жиынтық балы негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау квотасының мөлшері "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен бекітілген. Оқуға түсушінің қабылдау квотасы көзделген тұлғаларға тиесілілігін растайтын құжаттар білім беру ұйымының қабылдау комиссиясына оқуға қабылдау жөніндегі қорытынды отырысқа дейін ұсынылады.";

16. Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізбесі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес айқындалады.";

17. Колледжде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және түсу емтихандар нәтижелерін бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқығын қорғау мақсатында колледж басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелері тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелері тесттік пәндер бойынша колледж педагогтерінің санынан құрылады. Бір тестілеу пәні бойынша педагогтердің саны кемінде екі адамнан құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің құрамынан оның мүшелерінің көп дауысымен басшы сайланады.

17-1-тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда өнер және мәдениет мамандықтарына түсушілер үшін шығармашылық конкурс күнтізбелік жылдың 21-28 шілде аралығында өткізіледі, олардың мазмұны мен бағалау өлшемшарттарына қойылатын талаптарды білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары айқындайды.";

18. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға шағым береді.

Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш оны берушісінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.

18-1-тармақпен толықтырылсын:

"18-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда конкурс нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді.";

19-тармақпен толықтырылсын:

"19. Оқуға түсушілердің саны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға бөлінген орындардан асып кеткен жағдайда білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау бағалардың жиынтық балы негізінде жүзеге асырылады. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының қатысушыларын оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу бұйрығына тізілімінде №17800 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.".

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі

Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Бейіндік пән атауы			
		Негізгі орта білім (жалпы негізгі)	Негізгі орта білім (жалпы негізгі)	Орта білім (жалпы орта)	Орта білім (жалпы орта)
0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару					
0506000	Шаштараз өнері және сәндік косметика	Химия	Информатика	Химия	Информатика
508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	Алгебра	Биология	Алгебра және анализ бастамалары	Биология
120000 – Өндіру, монтаждау, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша)					
1211000	Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу	Алгебра	Химия	Алгебра және анализ бастамалары	Химия